

«№28 Абылай хан атындағы жалпы орта білім беретін мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Бұйрық №284

01.09.2022 ж

Ақжар ауылы

2022-2023 оқу жылының
басталуын, ұзақтығын және
каникул кезеңдерін айқындау
туралы

"Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 14) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына» және Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрілігінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №363 бұйрығы, Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының 25.08.2022 жылғы «Орта білім беру ұйымдарында 2022-2023 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы» №270 бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарында 2022 - 2023 оқу жылының басталуы, ұзақтығы және каникулы кезеңдерінің мынадай мерзімдері айқындалсын:

1) 2022 - 2023 оқу жылының басталуы - 2022 жылғы 1 қыркүйек;

2) оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда – 35 оқу аптасы, 2-11 (12)- сыныптарда – 36 оқу аптасы;

3) оқу жылы ішіндегі каникул кезеңдері:

1-11 (12) – сыныптарда: күзгі каникул – 7 күн (2022 жылғы 31 қазан – 6 қараша аралығында), қысқы каникул – 9 күн (2022 жылғы 31 желтоқсан мен 2023 жылғы 8 қаңтар аралығында), көктемгі каникул – 9 күн (2023 жылғы 18-26 наурыз аралығында);

1-сыныптарда қосымша каникул – 7 күн (2023 жылғы 6-12 ақпан аралығында).

2. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау жасау директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарлары Г.Сатымбековаға, Н.Доланбоеваға, К.Мусакуловаға жүктелсін.

Негізі: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына» және 2022 жылғы 12 тамыздағы №363 бұйрығы, ТО адами әлеуетті дамыту басқармасының 25.08.2022 жылғы №270 бұйрығы.

Мектеп директоры



Ж. Еспенбетов